

"Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 80-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі тізбеге сәйкес ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 8 сәуірдегі
N 80 - ө өкімімен

бекітілген

"Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік құқықтық кесімнің атауы	Кесімнің нысаны	Орын- далу мерзімі	Орындауға жауапты мемлекеттік орган
1.	Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2005 жылғы маусым	Еңбекмині

2.	Кәсіптік аурулар тізбесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы мамыр	ДСМ
3.	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 1 тамыздағы N 174-б бұйрығымен бекітілген Мүгедектікті куәландырудың, оның себептерін, топтарын және еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесін анықтаудың ережесіне өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы маусым	Еңбекмині, ДСМ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК